Аудандық сарапшылар алқасының шешімі

Әдістемелік кабинет меңгерушісі ____________ Б.Онгаров

Әдістемелік кабинет әдіскері ____________

**Зайырлылық және дінтану негіздері.**

**Түсінік хат**

**Оқу жүктемесінің көлемі:** аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат.

**«Зайырлылық және дінтану негіздері»** пәнінің мәні және маңызы оның қазіргі қоғам қажеттілігі мен тұрақтылығының ғылыми тұғырнамасы ретіндегі өзектілігінен, қоғам тарихы, мәдениеті мен рухани құндылығын анықтайтын бастаулардан тұрады. Зайырлылық және дінтану негіздері жалпы орта білім жүйесіндегі әлеуметтік-гуманитарлық және қоғамтанулық білім алудың құрамдас бөлігі болып табылады.

**Пәннің оқыту мақсаты:**

1) білім алушыларды зайырлылық қағидатын құндылық, яғни мемлекет тұрақтылығының басты факторы ретінде қабылдауға, дінді зайырлы таным аясында тануға үйрету;

2) діни сенім бостандығы, әлемдік және дәстүрлі діндердің, жаңа діни қозғалыстардың тарихы мен қазіргі жай-күйі, теріс пиғылды діни ағымдар мен тыйым салынған діни ұйымдар туралы жан-жақты білімін қалыптастыру;

3) оқушыларды экстремизм, терроризм және діни радикализм идеологияларын қабылдамауға үйрету, рухани-адамгершілік құндылықтар негізінде толеранттылық қасиетке тәрбиелеу және олардың гуманистік дүниетанымын қалыптастыру.

**Пәннің оқыту міндеттері:**

1) білім алушыларға діннің мәні, тарихы және оның қазіргі қоғамдағы рөлі жөнінде жүйелі мәлімет беру;

2) зайырлылық ұстанымдарын мемлекеттілік пен тәуелсіздіктің негізі ретінде таныта отырып, осы бағыттағы білімін қалыптастыру;

3) зайырлылық тұрғысынан діни сана, діни сенім, діни таным және діни тәжірибе негіздерін салыстыра білуді үйрету;

4) діннің дүниетанымдық, мәдениеттанымдық және адамгершілік мәнін түсіндіру;

5) оқушыларды діни сенім бостандығын құрметтеуге, толеранттылыққа баулу арқылы қазіргі қоғамдағы діни ағымдарға зайырлылық ұстанымы негізінде баға бере алатын дағды қалыптастыру;

6) Қазақстандағы этносаралық, конфессияаралық келісімді зайырлылық ұстанымдарының нәтижесі ретінде таныта отырып, оқушылардың бойында азаматтық мінез бен жауапкершілік қасиетті тәрбиелеу;

7) экстремизм, терроризм, діни радикализм секілді жаһандық жағымсыз құбылыстардың теріс идеологияларының ұлттық қауіпсіздікке, зайырлылық ұстанымдарына, қоғам тұрақтылығына төндіретін қауіп-қатерінтүсіндіре отырып, зайырлы мемлекет қағидаттарына құрмет сезімін тәрбиелеу;

| № р\с | Сабақ № | Сабақ тақырыбы | Сағат | Мерзімі | Қайталау | Негізгі мазмұны |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 1 | Кіріспе | 1 | 03.09 | 5-6 бет | «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәнінің мәні |
| **І тарау. Зайырлылық және зайырлы мемлекет(3 сағат)** | | | | | | |
| 2 | 2 | Зайырлылық және зайырлы мемлекет: ұғымы, мәні, сипаты. | 1 | 10.09 | №1 | Зайырлылық және зайырлы мемлекет: ұғымы, мәні, сипаты, түсінігі, Зайырлы және теократиялық мемлекеттік жүйе |
| 3 | 3 | Зайырлы мемлекет және дін. | 1 | 17.09 | №1 | ҚР Конституциясындағы зайырлылық анықтамасы. Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер» туралы заңы. |
| 4 | 4 | Білім жүйесіндегі зайырлылық қағидаттары | 1 | 24.09 | № 3 | Білім беру жүйесіндегі діни білім беру мәселелері. ҚР-ның «Білім туралы заңы» |
| **ІІ тарау. Дін – рухани мәдениет феномені (2 сағат)** | | | | | | |
| 5 | 5 | Дiнниң мәнi, анықтамасы, әлеуметтік маңызы, шығу тегі, жіктелуі мен түрлері | 1 | 01.10 | № 4 | Дін деген не? Ол қашан пайда болды? Дінді қалай танимыз? Діндер қалай жіктеледі? Діннің анықтамасы, сипаты, жіктелуі |
| 6 | 6 | Дінтану ғылымының қалыптасуы мен дамуы. Негізгі діни ұғымдар | 1 | 08.10 | № 5 | Дінтану ғылымы. Діннің пайда болуы жайлы ғалымдар тұжырымдамасы. |
| **ІІІ тарау. Ежелгі діни сенім түрлері және ұлттық діндер (3 сағат)** | | | | | | |
| 7 | 7 | Көне наным-сенім нысандары және ұлттық діндер. | 1 | 15.10 | № 6 | Тотемизм, анимизм, фетишизм, магия, ежелгі Египеттегі, Грекиядағы, Римдегі діндер |
| 8 | 8 | Үнді және Қытай діндері. Иудаизм. | 1 | 22.10 | № 7,9 | Веда, Каста, брахмандық кезең, джайнизм. Конфуцийдің ілімі. Дао ілімі. Жапониялық Синто ілімі. Танахпен Талмуд. |
| 9 | 9 | Ежелгі түркі дүниетанымындағы тәңірліктің орны | 1 | 29.10 | № 8 | Ежелгі түркілердің көне діні. Эсхатология. Шамандық. Ежелгі Месопотамия діндері. Заратуштра діні. |
| **ІV тарау. Әлемдік діндер (10 сағат)** | | | | | | |
| 10 | 10 | Буддизм | 1 | 12.11 | № 10 | Будда діні. Діни ілімнің негіздері, тарихы, тәжірибесі, және таралу аймақтары. Сиддхартһа Гаутама. Будда дінінің негізгі тармақтары. |
| 11 | 11 | Христиан діні: діни ілімінің негіздері, тарихы, тәжірибесі және таралу өңірлері. | 1 | 19.11 | № 11 | Христиан дінінің пайда болуы. Христиан ілімі төңірегіндегі мәселелер. Жаңа ережелердің қалыптасуы. |

| № р\с | Сабақ № | Сабақ тақырыбы | Сағат | Мерзімі | Қайталау | Негізгі мазмұны |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 12 | 12 | Иисус Христос жәнеІнжіл | 1 | 26.11 | № 12 | Иисус Христос. Христиандардың қасиетті кітабы. Інжіл. Христиандықтың ұстанымдары. |
| 13 | 13 | Христиан дінінің негізгі бағыттары | 1 | 03.12 | № 13-14 | Православие. Католицизм. Протестантизм. М. Лютер идеясы. Англикандық. Баптизм. Кальвинизм. Адвентизм. |
| 14 | 14 | Қазіргі замангы христиан діні | 1 | 10.12 | № 13-14 | Қазіргі замангы христиандық. Миссионерлер. Христиандық діни мерекелер. |
| 15 | 15 | Ислам: діни ілімінің негіздері, тарихы, тәжірибесі және таралу өңірлері. | 1 | 17.12 | № 15 | Ислам дінінің қалыптасуы, таралуы. Ислам дінін тарату жолындағы саяси оқиғалар. Ислам діні ережелерінің қалыптасуы. Хижра. Сахаба. Мүшрік. |
| 16 | 16 | Мұхаммед – пайғамбар. | 1 | 24.12 | № 16 | Қасиетті кітап- Құран. Мұсылманның бес парызы. Хадис |
| 17 | 17 | Ислам дініндегі бағыттар | 1 | 14.01 | № 17, 18 | Исламның негізгі бағыттары. Суниттер мен шииттер. Мұсылман құқығының негізгі мектептері. Шариғат. Мазхаб. |
| 18 | 18 | Сопылық танымдық мектебі. | 1 | 21.01 | № 18 | Сопылық мектептің негізгі ұстанымдары. Сопылық мектеп, жол. |
| 19 | 19 | Ислам, ғылым және мәдениет | 1 | 28.01 | № 19 | Исламның ғылым мен өркениет тарихындағы орны. Исламның Батыс мәдениетінің дамуына ықпалы. Араб тілінің рөлі.Ислам және өнер. Исламдық мәдениет ошақтары. |
| | | **Vтарау. Қазақстандағы діндер (8 сағат)** | | | | |
| 20 | 20 | Исламның Қазақ жерінде таралуы. | 1 | 04.02 | № 20 | Исламның қазақ жеріне таралуының алғышарттары. Қарахан мемлекетіндегі мұсылмандық. Қазақ мұсылмандығындағы дін ұстаздарының тарихи орны. |
| 21 | 21 | Қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуындағы исламның рөлі. | 1 | 11.02 | № 21 | Қазақтар арасында Ханафи құқықтық нормаларының таралуы. Би-қазылардың діни-құқықтық нормаларды қалыптастырудағы орны. |
| 22 | 22 | XX ғасырдағы және қазіргі кезеңдегі ислам. | 1 | 18.02 | № 22 | XX ғасырдағы және қазіргі кездегі ислам. Патша үкіметі тұсындағы діни ахуал. Кеңестік кезеңде дінге бет бұру мәселесі. Қазақстан мұсылмандарының тұғырнамасы. |
| 23 | 23 | Қазақстандағы христиан діні | 1 | 25.02 | № 23, 24 | Қазақ жеріндегі христиандық. Қазақстандағы православие, католик және протестант шіркеулері. |
| 24 | 24 | Қазақстандағы христиан мәдениеті | 1 | 04.03 | № 24 | Христиан сәулет өнерінің құрылыстары. Христиан мәдениетінің белгілері. Православиелік мейрамдар. |
| 25 | 25 | Қазақстандағы ислам мәдениеті | 1 | 11.03 | № 25 | Орта ғасырлардағы ғылым-білімнің дамуы. Ислам мәдениетінің ескерткіштері. Медреселер мен кесенелер. |

| № р/с | Сабақ № | Сабақ тақырыбы | Сағат | Мерзімі | Қайталау | Негізгі мазмұны |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 26 | 26 | Әл-Фараби, Қ.А.Иасауи, Ж.Баласағұн, М.Қашқари, А.Йүгінеки, діни философиялық-ағартушылық және моральдік көзқарастары. | 1 | 18.03 | № 26 | Әл-Фараби, Қ.А.Иасауи, Ж.Баласағұн, М.Қашқари, А.Йүгінеки, Х.Сығнақидің шығармалары және діни философиясы. Хикмет ілімі. |
| 27 | 27 | XIX-XX ғасырдағы дін ғұламалары. | 1 | 01.04 | № 27 | Абай мен Шәкәрім діни мұралары. Ы.Алтынсарин, М.Ж.Көпейұлы, М.Сұлтанқожаұлы: дін мен оқу-ағарту. |
| **VI тарау. Жаңа діни қозғалыстар (3 сағат)** | | | | | | |
| 28 | 28 | Жаңа діни қозғалыстар туралы түсінік, сипаты және ерекшеліктері | 1 | 08.04 | № 28 | Жаңа діни қозғалыстар мен дәстүрлі діндер: танымдық, психологиялық және болмыстық қайшылықтар. Діни ағымдар. Діни бірлестікке қатысты заңдар: ҚР-ның «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» (2011 жыл) |
| 29 | 29 | Теріс пиғылды діни ағымдар, олардың белгілері және зардабы. | 1 | 15.04 | № 29 | Діни сарындағы жат діни ұйымдар мен олардың негізгі белгілері. Теріс пиғылды діни ұйымдар күресуына тән белгілер. |
| 30 | 30 | Экстремизм және лаңкестік | 1 | 22.04 | № 30 | Ұғымы, шығу негіздері мен көріністері. Экстремизм мен лаңкестіктің ұлттық қауіпсіздікке қатері. Қазақстанда қызметіне тыйым салынған экстремистік және террористік ұйымдар. |
| **VII тарау. Қазақстан – дінаралық келісім елі ( 4 сағат)** | | | | | | |
| 31 | 31 | Қазақстан Республикасының дін туралы заңнамасы. | 1 | 29.04 | № 31 | Зайырлылық – мемлекеттік жүйенің және ұлттық қауіпсіздіктің тұғыры. Қазақстан Республикасының дін туралы заңнамасы. Азаматтық құқықтар. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Дін істер комитеті. |
| 32 | 32 | Діни сенім бостандығы туралы түсінік | 1 | 06.05 | № 32 | Діни сенім бостандығы туралы түсінік. Қазақстандағы діни ахуал. Шетелдердегі діни сенім бостандығы. |
| 33 | 33 | Қазіргі Қазақстандағы дін аралық татулық пен келісім тұғырнамасы | 1 | 13.05 | № 33 | Қазақстандағы дінаралық татулық. Дінаралық сұхбат – қоғамдағы түсіністіктің бастауы. Толеранттылық пен өзара түсіністік. |

| № | Сабақ № | Сабақ тақырыбы | Сағат | Мерзімі | Қайталау | Негізгі мазмұны |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 4 | 34 | Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан Республикасында және халықаралық қауымдастықта бейбітшілік пен дінаралық келісім орнату саласындағы саясаты. | 1 | 20.05 | № 34 | Елбасының Қазақстан Республикасында және халықаралық қауымдастықта бейбітшілік пен дінаралық келісім орнату саласындағы саясаты. Әлемдік және дәстүрлі дін көшбасшыларының съезі. |

**Оқулық:** 1. «Зайырлылық және дінтану негіздері». 9-сыныбына арналған оқулық.
/ авт. Д.Т. Кенжетаев, Ә.Ә. Сайлыбаев, Ө.О. Тұяқбаев. Астана: «Арман – ПВ», 2016 ж

**Пайдаланылған Әдебиеттер:**


1. БАҚ- құралдары.
2. «Қазақ ұлттық энциклопедиясы» Алматы 2006ж
3. «Дінаралық татулық – заман талабы» С. Дүйсенов Астана ақшамы 2003ж
4. «Зайырлы мемлекет жағдайында дінтану пәнін оқытудың кейбір өзекті мәселелері» Материалдар жинағы. Алматы 2006ж
5. «Қазіргі Қазақстандағы жаңа діни ұйымдар» Журнал- Алматы 2010ж
6. «Мемлекет және дін» Астана.2015ж
7. «Зайырлы ел – қайырлы ел» Дәуір баспасы, Алматы 2015ж.
8. «Зайырлы мемлекеттегі дін» материалдар жинағы 2016.
9. «Ислам» Энциклопедиялық анықтама. Алматы 2007ж
10. «Ислам экстремизімнің идеологиялық тамырлары» Назарбек К. Алматы-2009ж.

Мектеп директоры
_________А.Абишева.
«30» 08 2021 ж.

Байғанин ауданының
білім бөлімінің басшысы
_________ Р.Хайырмұханбетов.

Тақырыбы:

# «Зайырлылық және дінтану негіздері»

(мектеп компоненті)

**9 класс**

Орындады: _________ Боранбаев С.
(пән мұғалімі)

Ә/Б отырысында қаралды: _________ Жұбанғарина.Э.
(Ә/Б жетекшесі)

Хаттама№ 01 «29» 08 2021 ж.

Тексерілді: _________ Мұрынбаева Н.С.
(директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары)

**2021-2022 оқу жылы**